

АЙҚЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ШОҚАНДЫ АҒЫЛШЫНША «СӨЙЛЕТСЕМ» ДЕЙМІН



Осыдан біраз уақыт бұрын Қазақстанға британиялық жазушы-журналист Ник Филдинг келді. Бұл жолы ол Шоқан шығармаларын ағылшын тіліне тәржімалауға рұқсат алуға келіпті. Осы мақсатта Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен келісімге келіп, Шоқан Уәлихановтың таңдамалы жинағын Кембридж университетінің қолдауы арқылы Ұлыбританияда шығаруға мүмкіндік алды. Іле-шала Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Ник Филдингпен кездесу өтті. Жиын соңында кітапхана басшысы Үмітхан Мұналбаева мен Ник Филдинг «Оңтүстіктегі Ұлы далаға – Томас пен Люси Аткинсонның 1846-1852 жылдары Қазақстанға жасаған саяхаты» кітабын қазақ және орыс тіліне аударуға рұқсат беретін құжатқа қол қойды. Осы сәтті пайдаланып біз британ қаламгерімен аз-маз әңгімелескен болатынбыз.

– Қазақ оқырмандары кітабыңызбен танысатын болды. Құтты болсын! – Иә, кітабымды аударуға рұқсат берер алдында ұзақ ойландым. Ақыры еңбегімді ел танысын деген ниетпен, келісімге келдік. Аткинсон мен Люси – қазақ топырағына таныс тұлғалар. Ендеше, қазақ оқырмандары неге олар туралы тереңірек біле түспеске?

– Томас Аткинсон туралы заманында Семенов-Тянь-Шанский «оның шығармаларына сенуге болмайды» деген сарында пікір айтқан көрінеді. Неге олай айтты екен?

– Меніңше, Тянь-Шанскийге Аткинсонның өзінен бірнеше жыл бұрын осы өлкеге саяхат жасап қойғаны ұнамаған болуы керек. Сол үшін де әлгіндей пікір айтқанға ұқсайды. Алайда одан Аткинсонның беделі төмендеп кетпейді. Ол көрген-білгенін өзінше хатқа түсірді. Тіпті кітабында табаны тиген жерлердің, қазақтың тұрмыс-тіршілігін, қазақ отбасын, қарапайым халықтан бастап өзі танысып, араласқан сұлтандардың суреттеріне дейін салған. Күнделігінде күндегі тыныс-тіршілігін айна қатесіз баяндап отырған. Бұдан артық қандай шындық керек?

– Жиын барысында жеке архивіңізде қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты көне жәдігерлер барын айтып қалдыңыз. Бұлар сізде қайдан жүр?

– Бұларды кезінде қазақ жерінен Томас Аткинсон алып келген. Жеке архивімде XVIII-ІХ ғасырларда жасалған қазақтың тұрмыстық заттары бар. Оларды көздің қарашығындай сақтап келе жатырмын. Болашақта осы жәдігерлерді Қазақстанға әкеліп, көрмеге қойсам деген ойым да жоқ емес.

– Аткинсонмен қашаннан бері «ауырасыз»? Онымен қай кезден бастап таныстыңыз?

– Бәрі текстилден басталды. Мені әлем елдері киімдерінің тарихы қызықтырады. Олар қайдан шықты? Неден жасалды? Осы тақырыпты көп зерттедім. Көптеген көне кітаптарды іздестірдім. Сөйтіп жүріп Томас Аткинсонның кітаптарын қолға түсірдім. Ол өзі болған елдердегі халықтың суретін салған. Мысалы, мені Аткинсонның кітабындағы қазақ халқының киімдері қатты қызықтырды. Осы кезден бастап Аткинсонның шығармашылығына, оның жүріп өткен жолына қызығушылығым пайда болды. Ол жыл өткен сайын ұлғая берді.

– Қателеспесем, Қазақстанға осымен төртінші рет келіп тұрсыз. Қайта-қайта келудегі мақсат не?

– Қазақстанға жиі келудегі мақсатым – көбірек ақпарат алу. Қазақтың табиғаты ғажайып, содан керемет ләззат аламын. Адам көбірек ізденген сайын, көп дүние табады. Аткинсон еңбектерінде қазақ даласы туралы тебірене жазады. Содан шығар, мені бұл ел өзіне магнитше тартады да тұрады. Аткинсон көрген, жүрген жерлермен жүріп өткім келді. Жетісу жеріне табаным тиді. Қапал, Сарқан, Лепсі өңірлерін түгел араладым. Сіздердің Алатауларыңыздың мыңжылдық тарихы бар. Бауырына бүкіл тарихты басып жатыр. Осы таудың етегінде тарихи орындар өте көп. Ұлы даланың тарихы Шыңғыс ханмен тікелей байланысты. Білген сайын, біле бергің келеді екен.

– Өзіңіз айтып отырған қазақтың көрікті де киелі орындарын алғаш көргенде қандай әсер алдыңыз?

– Оны сөзбен жеткізу мүмкін емес. Аткинсонды кейбір «зерттеушілер» Қазақстанға «Ресейдің шпионы» болып кірді деп жазады екен. Мүлдем олай емес. Сол кездері Аткинсонның жеке басында қайғылы жағдай болды. Соны ұмыту үшін бәрін тәрк етті. Со-сын Ресей патшалығынан рұқсат алып, осында келді. Сол кездегі Жетісу облысының орталығы Ұлы жүз қазақтары жайлап жатқан Қапал мекеніне келді. Жоңғар Алатауының етегін жайлады. Табиғат оның дертін жазды. Жары Люси екеуі бақытты өмір сүрді. Қазақ

халқының қамқорлығын көрді. Осы жерде, Қапал даласында екеуінің перзенттері дүниеге келді. Олардың бұл өңірдің табиғатына ғашық болғаны сондай, ұлдарына Алатау-Тамшыбұлақ деген есім берді. Менің де осы елге келгендегі мақсатым Томас пен Люси Аткинсондарға жан тыныштығын сыйлаған саф табиғатты көру еді. Көрдім, кереметтігіне көзім жетті. Олардың бұл сайын далаға не үшін келгенін жан-тәніммен түсіндім. Расында, бұл өңір өздері жазып қалдырғандай әлемдегі ең көрікті мекен екен.

– Аткинсонның суреттеріндегі сол кездегі табиғат пен оның қазіргі келбетінде айтарлықтай айырма бар ма?

– Әрине, қазір көп нәрсе өзгерген. Мысалы, Тамшыбұлақ Аткинсонның суреттегі түрінен қатты өзгеріске ұшыраған. Кішірейген, шөккен. Қазірдің өзінде жыл санап өңі қашып бара жатқанын байқаймын. Қазақстанға келген сайын Аткинсон суретке салған жерлерді фотоға түсіріп алып, салыстырып жүрмін. Сонда байқағаным, көп дүние тозып бара жатқандай көрінді. Барынша құндылықты сақтап қалғанымыз дұрыс.

– Аткинсондар Қапал өңірінде 8 айдай тұрақтағанын білеміз. Сол кездегі оның қазақтармен қарым-қатынасы қандай болды деп ойлайсыз?

– Ол қазақтарды, қазақтар оны жақын тартты. Әсіресе, қазақ ханы Абылайдың ұлы Сүйік сұлтан оны шаңырағына жиі қонаққа шақыратын. Екеуі сұхбаттасып тұрғанды хош көрді. Былайша айтқанда, олар нағыз достық байланыста болды. Сүйік сұлтан Аткинсонға өзінің қылышын тарту еткен. Мұның өзі оған көрсетілген құрметі болатын. Аткинсон да кітабында Сүйік сұлтан туралы әсерлі етіп жазады. Ол сұлтанды қатты құрметтеп, тіпті суретін де салып, тарихта қалдырды. Сондай-ақ ол Бек сұлтанмен аралас-құралас болды. Аткинсон өзі араласқан қазақтар жайлы кітабында егжей-тегжейлі баяндап береді. Сол замандағы қазақтардың өмір сүру дағдысы Аткинсонның кітабында жақсы баяндалған. Аткинсон күнделік жүргізген. Сол күнделігінде қай кезде қай жерде болғанын, кіммен жүздескенін, бәрін нақтылап жазып отырған. Томас Аткинсонның сол күнделігін кітап қылып шығаруды ойластырып жүрмін.

– Айтпақшы, Алатау-Тамшыбұлақтың кейінгі тағдыры қалай өрбіді? Есейген шағында туған жеріне табаны тимеді ме?

– Қапалдан кеткеннен кейін ата-анасымен Сібірде, Санкт-Петербурда тұрды. Лондонда оқу орнын бітірді. Сөйтіп, 1869 жылы Британияның жолдауымен Гавай аралдарына қызметке кетті. Ол кезде Тамшыбұлақ 21 жаста болды. Оның қалған өмірі Гавайда өтті. 1881 жылы *Hawai’ian Gazette* басылымын шығарды. АҚШ-тың аннексиясына ұшыраған елдің баспасөзін, білімін жетілдіруге бар өмірін сарп етті. Сол жақта дүние салды. Қазір бір шөбересі сонда тұрып жатыр. Өзі келмесе де, көзі келді Қазақстанға. Былтыр осы Алатау-Тамшыбұлақтан тараған ұрпақтары Қапалға барып, аталарының жүрген жерлерімен жүрді, Тамшыбұлақтың жанына ескерткіш тақта қойды.

– Естуімізше, осы ұрпақтарының арасында Алатау, Тамшыбұлақ есімін алғандары бар екен. Сол рас па?

– Аталарының атын жаңғыртып қою – ағылшындар үшін қалыпты үрдіс. Жақында Аткинсондардың Англиядағы шаңырағында өмірге ұл келді. Оған Алатау деген ат берді.

– Сөз соңында Шоқан туралы сұрасақ. Шоқан да өмірінің соңында Жоңғар Алатауының баурайын паналап, жаны жай таппай өткен есіл еріміз еді ғой. Шоқанды ағылшындарға таныстыруға не түрткі болды?

– Мені ең алдымен, Шоқанның Тянь-Шянь аймағына жасаған сапары қызықтырды. Шоқанмен осылайша таныстым. Бірақ Шоқанды қазақтың ұлы тұлғаларының бірі деп білемін. Сол себепті, таңдамалы шығармаларын Ұлыбританияда жарыққа шығарсақ деген ойымыз бар. Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен келісімге келдік. Шоқанның ағылшын тіліндегі кітабы 2020 жылы жарық көреді. – Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Серікбол ХАСАН